

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Хирургиялық стоматология кафедрасы

СӨЖ

**Тақырыбы: Ауыз қуысы мен бетте жасалатын
операциялардың асептикасы мен антисептикасы.**

**Амбулаторлы стоматологиялық хирургия
қабылдауындағы АИВ-инфекциясы мен гепатиттің
профилактикасы**



Орындаған: Оспан Айдана

Топ: 14-003-02

Қабылдаған: Талимов К.К.

Алматы, 2017 ж

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім:

- 1. Асептика**
- 2. Антисептика**
- 3. АИВ-инфекциясы, гепатиттің профилактикасы**

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

АСЕПТИКА

Асептика - жараны микробтардың зақымдануынан қорғау шаралары. Олар алдын ала жасалынады. Манипуляциялық диагностикасында, адам ағзасының емделу барысында қоршаған ортадан микроорганизмдердің енуін ескерту, сонымен бірге зерттеу материалы микроорганизмдерді қоректік ортада лабораториялық зерттеу жүргізілуді ұйымдастыру жүйесі.

Асептика ғылымын ең алғаш неміс ғалымы Бергман 1890 жылы ұсынды.



Асептиканың хирургиялық стоматологияда қолданылатын жағдайлары:

- кабинетті дайындауда;
- хирург қолын арнайы өңдеуде;
- операция алаңын дезинфекциялауда; стоматологиялық аспаптарды стерилизациялауда; таңғыш материалдарды стерилизациялауда; науқасқа енгізетін тіндер мен заттарды стерилизациялауда;
- ауалы-тамшылы жолмен жұғатын емдік шараларды орындағанда;
- хирургиялық кабинетте жүргізілетін арнайы гигиеналық және ұйымдастырушылық шараларда.

Ота алаңында сақталатын аймақтық қағидалар:

Операцияда төрт стерильді аймақ болады, олар:

- Абсолютті стерильді аймақ.
- Уақытша стерильді аймақ.
- Шектелген режимдегі аймақ.
- Жалпы емханалық режимді аймақ(стерильді емес).

Санитарлық-гигиеналық талаптар: Операциялық блок

- * - операция жасайтын
- * - операция алдындағы
- * - стерилизация жасайтын
- * - наркоз аппараттары тұратын
- * - құралдар сақталған
- * - материалдар тұратын
- * - гипс салатын

Дезинфекция

- * **Дезинфекция** бұл-адамды қоршаған ортада патогенді және шартты патогенді микроағзаларды жою.
- * **Стерилизация** – бұл физикалық факторлар мен химиялық препараттар арқылы әсер ету жолымен микроорганизмдер мен олардың спораларын жою болып табылады.

ДЕЗИНФЕКЦИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ.

1) Механикалық жуу,
шаңсорғышпен өңдеу,
вентиляция, желдету,
кір жуу.

**Аралас бірнеше тәсілдерді
үйлестілігін пайдалану**

Физикалық қайнату,
ыстық құрғақ ауа
жоғарғы қысымға
қаныққан сулы бумен
әсер етуі, УФ сәулелену
тағы басқалар.

Химиялық – химиялық
заттарды қолдану
(антисептиктер және
дезинфектанттар)



- * **Профилактикалық дезинфекция** ауруханаішілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.
- * **Ошақты дезинфекция** күнделікті ошақты дезинфекцияға және ошақты қорытынды дезинфекцияға бөлінеді.
- * **Ошақты күнделікті** дезинфекция инфекция ошағында, инфекциянды науқастың төсек маңында көп рет жүргізіледі.
- * **Ошақты қорытынды** дезинфекция инфекциянды ошақтағы ауру қоздырғышын толық тазалау мақсатымен бір рет науқасты жекелегеннен кейін, инфекциянды бөлмеге госпитализацияланғаннан кейін, сауығуы немесе өлімінен кейін жүргізіледі.

ФИЗИКАЛЫҚ СТЕРИЛИЗАЦИЯ

Физикалық стерилизацияға ультракүлгін-сәулелер: процедуралық, операциондық, ультракүлгін ауамен шағылыстыру жатады. Клиникалық практикада физикалық факторлармен әсер ететін стерилизациялар жиі қолданады

Физикалық стерилизацияға жатады:

Автоклавтау

Құрғақ ауамен стерилизациялау

Қайнату

Ультракүлгін сәулелермен стерилизациялау

Автоклавтау

* **Автоклавтау** – қысымдағы бумен әсер ететін стерилизация болып табылады. Булы стерилизация жоғары температура (138 С) мен жоғары қысым (2,5 ат. қ.) арқылы әсер етумен жүзеге асады. Нәтижесінде стерилизациялы камерада барлық ауа ығыстырылады.

* Емдеу мекемелерінде бұл әдістің 2 режимі қолданылады:

1 режим - температура 132 С, қысым 2 атмосфералық қысым, уақыты 20 мин. Бұл режим арқылы шыны құралдар, шприц, коррозияға тұрақты металдар стерилизациядан өтеді.

* 2 режим температура 120 С, қысым 1,1 атмосфералық қысым. Бұл режимде жұқа резеңкеден жасалған құралдар, латекстерді (хирургиялық қолғап және т.б), полимерлердің жеке түрлері стерилизациялайды.



Құрғақ ауадағы стерилизация

*
Металлдан, шыныдан жасалған құралдарға арналған. Стерилизацияның бұл түріне көбінесе су өтпейтін құрғақ қағазбен қапталған (немесе қапталмаған) заттар ұшырайды. Қағазбен стерилизацияланған заттарды 3 күннен артық сақтауға болмайды.

*
Стерилизациялы камераның жұмыс температурасы 180 С, ұстау уақыты 60 мин. Қағаз қапшықтарды қолдан жасап, 5% крахмалмен желімдейді.

*
Құрғақ ауадағы стерилизация жұмысының орындалу реті:

Салқын стерилизатор

Қыздыру

Стерилизация: қажетті температура 180 С, белгіленген уақыт 60 минут

Суыту: 40-50 С дейін



Қайнату

*

Бұл әдіспен ұсақ хирургиялық құралдар, шприц, заттық үстелше және т.б. Құралдар стерилизацияланады. Оларды су құйылған арнайы стерилизаторларға орналастырады. Судың қайнау температурасын жоғарылату үшін 1-2% натрий бикарбонатын қосады. Қайнату уақыты 30 мин. Бірақ бұл әдіс толық стерилизацияны қамтамасыз етпейді, себебі кейбір вирустар (гепатит вирусы) мен бактерия споралары толық жойылмауы мүмкін.

Ультракүлгін сәулелермен стерилизациялау

Бұл әдіс толқын ұзындығы 260-300 мкм ультракүлгін сәулелермен әсер ету арқылы жүзеге асады. Бокстағы, операцияндық бөлмедегі, балалар бөліміндегі ауаны тазарту үшін қуаты әр түрлі (БУВ-15, БУВ-30) бактерицидті шамдар қолданылады.



Химиялық стерилизация

*

Стерилизациялаудың химиялық әдісінде полиэтиленнен жасалған құралдар, өкпені жасанды вентиляциялайтын аппараттар, эндоскоптар дезинфекциялаушы ерітінділер немесе газдармен стерилизацияланады.

Химиялық стерилизация

Газды

Ультрадауысты

Инфрақызыл шағылыстыру

Газбен стерилизациялау.

Газбен стерилизациялау.

Бұл әдіс газды, стерилизациялы камерада өтеді. Негізінен бұл әдіспен медициналық құралдарды этиленде немесе ОБ ерітіндісінде стерилизациялайды. Стерилизацияланатын заттар: кардиостимуляторлар, оптикалар, резинкелер, шыны ыдыстар, түрлі аппараттардың пластмасты бөліктері. Стерилизацияның дұрыс жүруін қадағалау. Стерилизацияның барлық әдістері жұмыстың дұрыс орындалуын талап етеді. Сондықтан жұмысты сақтықпен орындау керек! Стерилизацияның дұрыс жүруін қадағалау



*** Бактериологиялық әдіс – ең нақты, бірақ уақытты көп қажет етеді. Бұл әдіс стерилизацияның дұрыс жүруін қадағалайды.**

Техникалық әдіс – манометрмен дұрыс жұмыс істеуді, камераға максимальді термометр орналасқандықтан периодті түрде температурасын тексеруді талап етеді.

Термиялық әдіс — күнделікті өткізіледі. Ол құрамында құм тәрізді

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР ҚОЛЫН ӨҢДЕУДІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Қол өңдеудің үш деңгейін ажыратады:

- 1.Әлеуметтік
- 2.Гигиеналық(қол бастарының дезинфекциясы)
- 3.Хирургиялық(қол бастарының стерильді белгілі уақытқа дейін жеткізіледі)

Қол жуудың әлеуметтік деңгейі



- Шараны орындау:
- Қолды сабындау және сумен жуу;
- Білектің 2/3 –не дейін қолды сабынмен ағынды сумен жуу, фалангалар мен саусақаралық кеңістіктерге көңіл аудару қажет, содан кейін қол басының сырт жағын және алақан жағын қолдың бас саусақтары негіздерін айналмалы қимылдармен жуу.

Қолды өңдеудің гигиеналық деңгейі

Мақсаты: Гигиеналық деңгейде қол декомбинациясын қамтамасыз ету.

Көрсеткіштер: Перчатка кию алдында және шешкеннен кейін; биологиялық сұйықтықтармен және ағзамен қатынаста болғаннан кейін микробпен залалдану мүмкіндігі болғаннан кейін, иммунитеті әлсіреген науқасты күту алдында;

Жабдықтану; кір сабын, жылы ағынды су, стерильді пинцет, мақта шариктері, салфеткалар.

Қолды хирургиялық деңгейде өңдеу

- * Хлоргексидиннің 0,5% спиртті ерітіндісі қолданылады.
- * Шынтақ бүгіндісіне дейін қолды сабынмен жуу
- * 1 минут ішінді фалангалар мен саусақаралық кеңістіктерді сабындау
- * Сабынды кетіру үшін тырнақ фалангаларынан шынтақ бүгіндісіне дейін қолды ағынды сумен шаю
- * Стерильді орамалмен қолды кептіру
- * Хлоргексидиннің 0,5 % спиртті
- * Ерітіндісіне матырылған стерильді салфеткамен шынтақ бүгіндісіне дейін әрбір қолды өңдеу



Операциялық алаңды өңдеу:

Операциялық алаңда бетті алдымен 96 % этил спиртімен (2-3 рет) және кейін 3%-5% йодпен өңдейді. Соңғы кездері хлоргексединмен өңделіп жүр.

Емханада «Новосепт» препаратымен өңдеген тиімді:

1-2 мин бойы 1 % ерітіндіге малынған дәкелік тампонмен өңдейді; Өңдегенде пайда болған көпіршікті жуып, стерильді салфеткамен кептіреді.

* Операциялық алдында ауыз қуысын, ауыз қуысы кіреберісін және меншікті ауыз қуысын 1 % йод тұндырмасымен, люголь ерітіндісімен, хлоргексединмен өңдейді. Операция алдында тіс қақтары мен тіс тастарынан тазалап, 3% сутегінің асқын тотығы, калий перманганатының әлсіз ерітіндісімен, фурацилин ерітіндісімен, риванолмен шаяды.

АНТИСЕПТИКА

* Қабыну процесін жою немесе алдын алу үшін, организмде немесе патологиялық ошақта, жарада микробтарды жоюға бағытталған шаралар жиынтығы.

* Антисептиканың алғашқы элементтерін 1847 жылы И. Земмельвейс ұсынған



АНТИСЕПТИКА ТӘСІЛДЕРІ:

1. Механикалық(бөгде денелерді, инфекцияланған некрозды тіңдерді жою т. с.с.);
2. Физикалық(жараны дренаждау, тампон еңгізу, гигроскопиялық таңу салу);
3. Химиялық(антисептиктерді қолдану);
4. Биологиялық(антибиотиктер, бактериофагтар қолдану, тіршілікке қабілетсіз жасушаларды лизистеу үшін протеолитикалық ферменттер қолдану);

Стоматологияда антисептиктерге қойылатын шарттар:

- * Жалпы токсикалық органотроптық, аллергиялық, мутагендік, онкогендік, тератогендік, дене тітіркендірушілік және дисмикробиотикалық әсері болмау керек.
- * Азғантай мөлшерде белсенділігі күшті болуы керек.
- * Көбінесе микробоцидті немесе микробостатикалық әсері болуы керек, дегенмен әйтседе микробоцидті әсерінің болғаны жөн.
- * Әсер ету спектрі әр түрлі болғаны абзал.
- * Теріге, киім кешекке бояуы жұқпауы керек және қолайсыз иісі болмауы керек.

- Жарықтың, температураның әсеріне төзімді болуы керек, биосубстанттарда белсенділігін жоғалтпауы қажет.
- Липидтерде және суда ерігіштігі жақсы болуы керек. Кумулятивті әсері болмауы керек.
- Антигендік қасиетке ие болмауы керек.
- Антисептиктік шикізат кез келген жағдайда қолжетерлік, әрі арзан және экологиялық тұрғыдан зиянсыз болуы керек.
- Қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді әсер ететін болуы керек.

ХИРУРГИЯЛЫҚ КАБИНЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- Қабырғалары тегіс, жылтыр, плиткалармен төселген немесе жылтыр бояумен боялған;
- Төбелері сулы эмульсиямен немесе майлы бояулармен боялуы;
- Есік-терезелері майлы бояумен сырланып, тегіс болуы керек;
- Ыстық-суық суы болуы керек;
- Температура 18-25 *, ауа сорғыш, форточка болу;
- Жарық, электр жарығы;
- Жиһаздар ашық бояулармен боялып, жұмыс столдары шынымен жабылуы тиіс;
- Тәулігіне 2 рет тазалану.
- Барлық бөлмелерді тәулігіне 1 рет бактерицидті шаммен өңдейді.
- Жетісіне 1 рет жалпы тазалаудан өткізу.



- Жақ-бет бөлімінде ауруларды таңатын 2 бөлме қажет. 1- “таза” операциядан кейін, 2 – іріңді операциядан кейінгі науқастарға жәрдем көрсету.





Вирусты гепатиттің алдын алу

Медицина саласындағы қызметкерлердің ішінде гемодиализ бөлімінің қызметкерлерінің, медбикелердің, тіс дәрігерінің әсіресе хирургтардың ауруды жұқтыру қаупі жоғарғы екені анықталды.

Медицина қызметкерлерінің вирусты жұқтыруы емдеу мекемелерінде қан арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар гепатит вирусы сілекей, жас құрамында, вагинальды сөлде, спермада , зәрде болуы мүмкін. Қанда вирус өте көп мөлшерде және толыққынды жағдайда болады. Сыртқы ортада вирус, бөлме температурасы жағдайында қан құрамында 7 айға дейін тіршілік етеді.

Өкінішке орай қазіргі уақытқа дейін қолданылып келе жатқан санитарлы, эпидемияға қарсы шаралар медицина қызметкерін бұл аурудан сақтай алмайды.

Гепатит вирусының жиі анықталу себебі:

- дәрігердің қоздырғыштың тараған ортасы – сілекей, әсіресе қанмен жиі тікелей қатынаста болуы;**
- операция барысында сызаттар алу;**
- медициналық құралдармен жұмыс істеу барысында жарақаттар алу;**
- ауа-тамшылы жолмен.**

Вирусты гепатиттің алдын алу алдымен асептика және антисептика ережелерін сақтаудан басталады. Құралдарды дезинфекциялаудың, стерилизациялауға дейінгі өндеудің маңызы өте зор.

Дезинфекциялаушы заттарды таңдағанда, сол заттың бактерицидті, вирулицидті, фунгицидті, спорацитті әсеріне мән беру керек. Вирулицидті әсері жоқ және I-II топтағы қатер қаупі бар дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болмайды.

Стерилизациялаудың тиімді тәсілі автоклавтау (120С, 15 мин), құрғақ-ауалы стерилизация(180С, 1 сағат). Хирургиялық бөлмелерді ультракүлгін сәулемен сәулелендіру керек.

Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі медицина қызметкерлерін гепатит вирусын жұқтыру қаупінен сақтандыруға бағытталған арнайы иммунопрофилактика:

1. Әрбір медицина қызметкеріне вирусқа қарсы вакцина жасалуы керек
2. Егер медициналық манипуляциялар жасау барысында науқастың қаны арқылы вирусты жұқтырса, тез арада ВГВ қарсы иммуноглобулин, (жұқтырған уақыттан 24 сағат ішінде) кейін 7 күн ішінде ГВ қарсы вакцина жасау керек. Ревакцинация 1 немесе 6 айдан кейін жасалады.


ГВ қарсы жоспарлы вакцинацияның тек 3 рет егу жасағаннан кейін ғана әсері болады.



ВИЧ ИНФЕКЦИЯ

Жүзу жолдары.

Инфекция негізінен ауру адамнан сау адамға жыныстық қатынас жолымен немесе шприц арқылы жүғады. АИТ инфекция көбінесе қауіп-қатер тобына кірушілерде (жезөкшелер, нашақорлар, гомосексуалистер) дамиды. Ол топқа гемофилияны да жатқызуға болады. Екіншіден ол анадан іштегі балаға да беріледі (24-50%) Транспланцентарлы, туылу кезінде, туылған соң емшек сүті арқылы берілуі мүмкін. Кейбір жағдайларда инфицирленген донордың қанын құйғанда немесе кәсіпке байланысты (хирург, гинеколог) дамиды.



Аспаптарды стерилизациялау ережесінің өзгеруі

Біріншіден, бір рет қолданылатын аспаптарды максимальды түрде пайдалану, әсіресе шприцтерді.

Екіншіден, хирургиялық аспаптарды стерилизация алды дайындыққа жібермес бұрын, күшті антисептикке малып, батыру. Ол үшін тек қана 3% хлорамин ерітіндісін (60 мин батыру) және 6% сутегінің асқын тотығын (90 мин батыру) қолданылады.

Қорытынды

Вирус тасушы науқастан ауа-тамшылы, парентеральді жолмен, операциялар кезінде науқаспен тікелей қатынасқа түскен кезде қаны арқылы жұғады;


Вирусқа қарсы арнайы иммунитетті қалыптастыру үшін медицина қызметкерлеріне әрдайым уақытында егулер жасап отыру керек;

Айтылған екі жағдайда да:

- * Әрдайым толықтай тексеруден өтіп отыру керек
- * Асептика және антисептика әдістерін жетілдіру керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- И.М. Рабинович, Г.В. Банченко
Москва, ЦНИИС, *отдел терапевтической стоматологии*
- «Микробиология, вирусология и иммунология» Л.Б. Борисов.
- Оразалин Ж.Б., Төлеуов К.Т «Хирургиялық стоматология»
- 1998 ж.
- Интернет ресурстары: www.medbokbest.ru
- «Микроорганизмдер экологиясы» Б.А. Рамазанова, А-2007ж



*Назарларыңызға
рахмет!!!*